6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алимкулова Акмарал Садуакасовнаның «Коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының ерекшеліктері: теория мен тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алимкулова Акмарал Садуакасовнаның «Коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының ерекшеліктері: теория мен тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі азаматтық құқық ғылымындағы өзекті әрі теориялық-практикалық маңызы жоғары мәселеге арналған кешенді ғылыми зерттеу болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ең алдымен, Қазақстан Республикасында коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығының белсенді дамуы, кәсіпкерлік қызметтің кеңеюі, сондай-ақ осы саладағы шарттық қатынастардың күрделенуімен айқындалады. Қолданыстағы азаматтық заңнамада мүліктік жалдау институты жалпы деңгейде реттелгенімен, коммерциялық мақсатта пайдаланылатын үй-жайларды жалдау шарттарының құқықтық ерекшеліктері арнайы, жүйеленген түрде толық қамтылмаған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация тақырыбы құқық қолдану тәжірибесінде де, азаматтық құқық теориясында да нақты сұранысқа ие.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық жағынан бірізді, ішкі мазмұндық байланысы сақталған және қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді.

Зерттеуде коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының тарихи-құқықтық қалыптасу эволюциясын терең талдай отырып, бұл институттың азаматтық құқық жүйесіндегі орны мен мәнін айқындайды. Рим құқықтан бастап қазіргі заманғы континенталдық және англосаксондық құқық жүйелеріне дейінгі даму кезеңдері салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерделенген. Автор классикалық цивилистикалық доктрина өкілдерінің көзқарастарын, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін орынды пайдалана отырып, зерттеу тақырыбының теориялық негізін сенімді түрде қалыптастырған.

Диссертацияда коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының теориялық және тәжірибелік ерекшеліктері жан-жақты ашылған. Атап айтқанда, шарттың субъектілік құрамы, олардың құқықтық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шарттың объектісі мен мазмұндық элементтері жүйелі түрде талданған. Автор коммерциялық үй-жайларды жалдау шартын азаматтық-құқықтық шарттардың өзге түрлерімен салыстыра отырып, оның дербес құқықтық табиғатын негіздеуге ұмтылған. Бұл бөлімде диссертацияның ғылыми жаңалығы айқын көрініс табады, себебі автор коммерциялық үй-жайларды жалдау шартын топтастырудың авторлық жіктемесін ұсынып, оның практикалық маңызын дәлелдейді.

Жұмыста Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасындағы коммерциялық үй-жайларды жалдау шартын құқықтық реттеу мәселелеріне және шетелдік тәжірибемен салыстырмалы талдауға арналған. Автор шетел мемлекеттердің азаматтық заңнамасын талдай отырып, Қазақстан заңнамасындағы олқылықтар мен кемшіліктерді нақты көрсетеді. Салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижесінде диссертант ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеген. Бұл ұсыныстар заң шығару қызметінде және құқық қолдану тәжірибесінде пайдалануға жарамды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Автор жалпы ғылыми (талдау, синтез, индукция, дедукция), арнайы-құқықтық (формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық) және пәнаралық әдістерді орынды әрі кешенді қолданған. Бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерінің ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы коммерциялық үй-жайларды жалдау шарты ұғымын нақтылау, оның құқықтық табиғатын тереңдету және азаматтық құқықтағы шарттар жүйесіндегі орнын айқындаумен сипатталады. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен авторлық анықтамалар отандық азаматтық құқық ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.

Қорғауға ұсынылған ережелердің ғылыми жаңалығы коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының құқықтық табиғатын кешенді әрі жүйелі түрде қайта пайымдауымен айқындалады. Диссертацияда алғаш рет «коммерциялық үй-жайларды жалдау шарты» ұғымына азаматтық құқықтың қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, авторлық құқықтық анықтама берілген. Коммерциялық үй-жайларды жалдау шартын азаматтық-құқықтық шарттардың дербес түрі ретінде негіздеу ғылыми жаңалық болып табылады. Зерттеу нәтижесінде коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының жалпы, негізгі және арнайы элементтері жүйеленіп, олардың мазмұны ғылыми тұрғыдан нақтыланған. Коммерциялық үй-жайларды жалдау объектілерін жіктеудің авторлық үлгісі ұсынылып, оның құқық қолдану тәжірибесі үшін маңызы дәлелденген. Сот және шарттық тәжірибені талдау негізінде мүлікті өткізу-қабылдау актілерін құқықтық регламенттеудің жеткіліксіздігі алғаш рет кешенді түрде негізделген. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөліміне) коммерциялық үй-жайларды жалдау жөнінде дербес параграф енгізу қажеттілігі ғылыми түрде дәлелденген. Салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижесінде ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты заңшығарушылық ұсыныстар әзірленген.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы да айрықша атап өтуге тұрарлық. Диссертацияда берілген ұсыныстарды құқық қолдану тәжірибесінде, сот органдарының қызметінде, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарттарды әзірлеу барысында пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында азаматтық құқықтық пәндерді оқытуда оқу-әдістемелік материал ретінде қолдануға жарамды.

Автордың ғылыми стилі қалыптасқан, құқықтық терминологияны қолдану деңгейі жоғары, тұжырымдары нақты әрі негізделген. Диссертациялық жұмыста плагиат белгілері байқалмайды, мәтіннің мазмұны ғылыми этика талаптарына толық сәйкес келеді. Қорытынды бөлімде алынған ғылыми нәтижелер жүйеленіп, зерттеу мақсатына қол жеткізілгені дәлелденген.

Қорытындысы ретінде, Алимкулова Акмарал Садуакасовнаның «Коммерциялық үй-жайларды жалдау шартының ерекшеліктері: теория мен тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және жария қорғауға жіберулуге ұсынылады.

«Alikhan Bokeikhan University»
Білім мекемесінің
Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректоры,
з.ғ.к.
Кайшатаева Асель Куандыковна

Ғылым бөлімі